

1. Кенжеахметұлы, С. Ата мұра / С. Кенжеахметұлы.- Арқалық, 1990. - 67 бет.
2. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына: 1-ші кітап / С. Кенжеахметұлы; ред. Пионер Қ. - Алматы: Ана тілі, 2007 ж. - 136 б.
3. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына: 2-ші кітап / С. Кенжеахметұлы; ред. Қ.Пионер. - Алматы: Ана тілі, 2007 ж. - 136 б.
4. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына: 3-ші кітап / С. Кенжеахметұлы; ред.Қ. Пионер. - Алматы: Ана тілі, 2007 ж. - 136 б.
5. Кенжеахметұлы, С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері / С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Алматыкітап баспасы, 2014. – 312 бет.
6. Кенжеахметұлы, С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті / С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. – 384 б.
7. Кенжеахметұлы, С. Қазақтың дарқан дастарқаны / С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Алматыкітап баспасы, 2010. – 240 б.
8. Кенжеахметұлы, С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары / С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Алматыкітап баспасы, 2014. – 384 бет.
9. Кенжеахметұлы, С. Торғай жазушылары / С. Кенжеахметұлы.- Арқалық, 1990.
10. Кенжеахметұлы, С. Торғай түлектері / С. Кенжеахметұлы. Арқалық, 1991.
11. Кенжеахметұлы, С. Туыстық атаулар сыры С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Ана тілі, 2007. – 48 бет.
12. Кенжеахметұлы, С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі / С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
13. Қозыбаев М.,Ақтаңдықтар ақиқаты., Алматы,1992 ж.
14. Назарбаев Н.Ә., Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде., Алматы, 1993ж.
15. Оспанұлы, Серікбай. Сын-сықақтың сейфі: [сатирик, ақын С. Кенжеахметов 70 жаста] / С. Оспанұлы // Қостанай таңы.- 2009. - 16 қаңтар.

## **ҚОСТАНАЙ Өңіріндегі киелі жерлер географиясының кейбір мәселелері**

**Абдыкадыр Алтынай.**, «Тарих» мамандығының 4 курс студенті  
Ғылыми жетекші: **Исенов Ө.И.**, т.ғ.к., профессор  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Елбасы – Н.Ә. Назарбаев: «Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзіңнің көзқарасыңды еріксіз тануға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ, – екендігін назарымызға ерекше ұсынып, – Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған», - дейді.

Елбасы өз мақаласында патриотизмнің кіндік қаны тамған жерінен, өскен ауылынан, қаласы мен өңірінен, яғни туған жерінен деген сүйіспеншіліктен басталатындықты ескеріп, «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды.

«Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде?» деген сауалға төмендегідей жауап берді: «Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. ...Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» [1].

Содан соң, «жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті

орындар ұғымын сіңіруіміз керек.

Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек.

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі», - дейді.

Қасиетті орындардың бірі – кесене. Сонымен қатар, Қазақ халқында ерекше маңызға ие болған тұлғаларды ел есінде мәңгі сақтаудың көне дәстүрінің бірі – «кесене» орнату болып табылады. Ол халқына ерекше қызмет еткен сүйікті перзенттеріне қаланады.

Ел перзенттері Қазақстан тарихының әр кезеңінде: Ежелгі дәуірде, Орта ғасырларда, Жаңа және Қазіргі заманда өмір сүргеніне қарамастан, күні бүгінге дейін, сол елді-мекендердің тұрғылықты халқының жадында.

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі.

Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың, тонның ішкі бауындай, байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің бітұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз.

Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ.

Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді.

Мұның бәрі, тұтаса келгенде, халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды.

Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың арында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек.

Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Ол - ұлттық бірегейлік негіздердің басты элементтерінің бірі. Сондықтан мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз [2].

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы біздің қоғамға қозғау салып, санамызға тың серпін берді. Халқымыздың материалдық және рухани әлемі - атамекен, жер-су, әдебиет, өнер мен мәдениет саласын жандандыруда шамшырақ тәрізді қалың жұртшылықтың қызығушылығын, ерекше ықыласын тудырды. Елдік ұлы дәстүрді сақтай отырып, ұлттық модернизация жасау қоғамды дамыта, көркейте түсері даусыз. Ұлттық мұрат жолында жүзеге асыратын игі істердің бастауын Елбасы: «Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», - деп нақты айқындап берді.

Елбасы аталған бағыттардың ішінде Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайтынын дәлдеп айтты. Мынау толассыз шиыршық атқан үдемелі-соқтықпалы жаһандану заманында біртекті қоғам орнату процесі басып кету қаупінен жекелеген ұлттар өзіндік бет-бедерін, елдік асыл қасиетін, рухани тектілігін сақтау арқылы ғана аман қаларына ешбір күмән болмауы тиіс. Мемлекет басшысы жаһандану үрдісінде көштен қалмай, өркениетті, мейлінше нығайып алған бөгделерге жұтылмай, жер бетінде

бәсекеге қабілетті, білім-ғылымы дамыған, экономикасы тұрақты дербес халық болып өмір сүру үшін оң жағына өзгере білудің қажеттігін баса айтты.

Біз үшін Отанымыздың әр сүйем жері қасиетті болып саналады. Аузын айға білеген жыраулардың жалынды толғауларында, жаугершілік замандарда үріккен елдің басына түскен зауалда «Елім-айлаған» азалы жырларда, басына күн туып, ел іргесі сөгілген қаралы көштерде туған, кіндік кескен жерімен қоштасу өлеңдерінде, қазақтың қара өлеңінде және ақын-жазушылардың елдік рухты өлтірмейтін үздік туындыларында біздің киелі атамекеніміз әсем де терең суреттелген. Расында, халық қартаймайды, қара жер қартаймайды. Халқымыз қашанда «Ел іші – алтын бесік» деп сүйінген. Ол үшін ұлттық мұратқа сай биік іс қылу керек. Арғы ата-бабаларының аруағын сыйлап, шежірелік деректерді шын қастер тұтатын біздің халқымыз әрбір тас-тасын, жазық даласын, үңгірін, өзен-көлін қасиетті, киелі деп санайды. Көшпелі өркениет топырақ пен судың қадірін біліп, жер түгін тоздырмау үшін көшіп-қонып отырған. Олардың туған жерге, жаратылыс құбылыстарына, табиғатқа деген дүниетанымдық көзқарасы, ықыласы таңғажайып көркем. Айнала қоршаған табиғатты тірі деп қабылдау, өз ұрпағын оған қиянат жасамауға тәрбиелеу қазақ халқының ырым мен тыйымдары туралы түсінігінде тұнып тұр.

Малмен күнелткен бабаларымыз шаруашылығын табиғатпен үйлестіріп жүргізіп отырған. Осыдан юарып туған жерге тағзым ету деген дәстүр қалыптасқан. Сонау бағзы заманнан ата-бабаларымыз киелі жерлерге тағзым етіп келді. Түркі, сақ дәуірлерінен жеткен аңыз-әпсаналар, тіпті тасқа қашап кеткен таңбалар да осы озық дәстүрді айғақтайды.

Елбасымыздың жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын халық санасына сіңірудің ерекше маңыздылығын нықтап айтуы – заңды құбылыс. Ел мен Жер – рухани құндылықтардың арқауы. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол - ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз» - дей отырып, Президент: «Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясыя жобасы керек», - деп атап көрсетті.

Осыған байланысты Елбасы тапсырмасы негізінде, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен қазақ халқының тарихынан елеулі орын алатын Қазақстанның қасиетті орындарын анықтап, оның тізімін жасау қолға алынды. Ғылыми-сараптамалық кеңес ашылып, бұл іске бұрыннан бері осы сала бойынша жұмыс істеп, зерттеумен айналысып жүрген ғалымдар, тарихшылар, өлкетанушылар, этнографтар тартылып, ғылыми жүйе құрылды. Зерттеушілер басшылыққа алатын нұсқаулықтар жасалып, ол барлық өңірлерге жолданды. Мұндағы мақсат – еліміздегі қасиетті тарихи орындарды анықтап, оларды ұлттық ұстаным деңгейіне көтеру.

«Қазақстанның қасиетті орындары» ретінде ерекше қастерленетін табиғи-мәдени мұра, дни сәулет ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар ұғынылады. Сонымен қатар, Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын, ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретінде көрінетін нысандар кірді.

Сараптамалық кеңестің шешімімен қасиетті орындар жалпыұлттық деңгейлі және жергілікті маңызы бар қасиетті нысандар болып бөлінді. Қазіргі кезде жалпыұлттық деңгейлі 100 нысан мен кешендер тізімге енді.

Еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа жіктелді:

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар. Бұл топқа қалашықтар, бекністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған ортағасырлық қалалар кіреді.

3. Діни және ғибадат орындары болып табылатын орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне дәуірі және орта ғасырлардағы, сонымен бірге ХІХ ғасыр аяғы – ХХ ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғалар қамтиды.

4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, елдік мағызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор орындар алып отыр.

5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасіретті орындар мен қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары еніп отыр.

Осылайша, Елбасы тапсырмасын орындау үшін қасиетті джерлер мен нысандарды анықтап, өңірлерде жүргізіліп жатқан ғылыми-сараптамалық жұмыстардың бағыт-бағдарын, дәйектемесін жасау жұмыстары алға қойылды. Территориялық жағынан әлемдегі ондыққа енген жас мемлекет болған соң бағзы бабалардан мұраға қалған ел мен жерді көздің қарашығындай мұқият сақтау – ұрпақтық асыл парызымыз. Бүгінгі жаңа заман ұрпағы, туған жер, елін сүйер жас буынды ұлтжандылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу, туған өлке тарихын, табиғатын танытуды мұнаралы мұратымыз деп санадық.

Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында халықтың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру бағытында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын іске асыруға ерекше көңіл бөлді.

Тобыл-Торғай өңірі топырағында тектілердің ізі сайрап жатыр. Облыс аумағында көне мәдениеттің белгілері сақталған тарихи нысандар баршылық.

Әсіресе, облыстың оңтүстік аудандары киелі жерлер мен қасиетті нысандарға толы.

Қостанай облысының «Сақралды Қазақстан» картасына енген киелі орындары да баршылық. Олардың әрқайсысына назар бөліп, кітапхана оқырмандары мен қашықтағы пайдаланушыларға тарихи нысандар туралы қысқаша мәлімет беру және облыстық кітапхана қорында бар әдебиеттерді ұсыну мақсатымен библиографиялық құрал дайындалып отыр.

**Қазақстан Арқайымы, Қамысты қамалы.** Арқайым археологиялық ескерткіші елді мекеннің оңтүстігіне қарай 4 шақырым жерде жатқан төңіректегі биік төбешіктің атауы бойынша аталған. «Арқайым» атауы төркінің «жота», «арқа», «негіз» деген сөздерінен шыққан.

Ашылғанына көп болмаған ежелгі Арқайым қалашығы –бүл Оңтүстік Оралдағы жеті немесе одан да көп ежелгі қалалардан тұратын тұтас кешен. «Қалалар елі» шартты төрде Ресей Арқайымы, «Арқайым-І» және Қазақстан Арқайымы - Қамысты болып бөлінеді.

Осылайша, Қамысты («Арқайым-2») әзірше ғылымда «арийлер» деген атпен белгілі ежелгі үнді-еуропалық тайпалардың отырықшылық мәдениетінің Қазақстан аумағында табылған, біздің дәуірімізге дейінгі III-II мыңжылдық аралығына жатқызылатын бірден-бір белгілі ескерткіші болып табылады.

Арқайымды 1987 жылдың маусымында археологтар С. Г. Баталов пен В. С. Мосиннен, археологиялық бағытта білім алып жатқан бірнеше студент пен осындай Нйірмелерге қатысатын мектеп оқушыларынан тұрған Орал-Қазақстан археологиялық экспедициясы ашты.

Қамысты - сирек кездесетін археологиялық ескерткіш, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасы үшін бірегей құбылыс. Ол аудан орталығы Денисов к. небәрі 90 шақырым жерде орналасқан.

Арқайым-2 бүкіл әлемдік тарих ғылымы мен мәдениеті үшін зор маңызға ие. Ғалымдар Денисов ауданының Комаров және Первомай ауылдарының жанындағы «Қалалар еліне» жататын нысандардың бірін - қазақстандық Арқайымды зерттеуді бастауды жобалап отыр. Ұшақтан түсірілген суреттер біздің Арқайымның ресейлік Арқайымнан үлкен екендігін көрсетіп отыр. Қалашықтардың арасы жүздеген шақырымдардан асады.

**Торғай геоглифтері.** Торғай облысының аумағындағы геоглифтер Соодіе бағдарламасының ғарыштық түсірілімінің көмегімен 2007 жылы ғарыштық түсірілімдерді зерделеу нәтижесінде табылды. 2007-2009 жыл- дары барлығы 10 геоглиф қарастырылды. Қазірде Қостанай облысының аумағында орналасқан геоглифтердің бірнеше түрлері белгілі: төрттаған (Үштоғай төрттағаны); свастика (Торғай свастикасы); Екідің кресі, Ащытасты крестер.

Ежелгі свастика көптеген халықтарда кездеседі, культтық рәсімдерде крест-айқыш күйін- де пайдаланылған, әуелде күнге табынудан шыққан, күн қозғалысының бағытын бейнелейтін күн символы. Ол - Үндістан мен Иран, Скандинавияда табылған, былайша, арий аталған халықтар тұтынған игілік пен молшылық, береке нышаны.

Үштоғай төрттағаны Қостанай облысы Амангелді ауданының Үштоғай кентінің шығысынан 15 км жерде орналасқан, қиғаш сызықты белгісі бар төрттаған айшығы тәрізді. Торғай свастикасы Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек кентінің түкпірінде орналасқан. Геоглиф диаметрі 94 м болатын үш сәулелі свастика нысанында жасалған үйінді тәрізді. Әрбір сәуле ұшы сағат тіпіне қарсы иілген ирек тәрізді пішінмен аяқта- лады.

Бұл объектілерді зерделеу Торғай даласындағы көне мекендеушілердің өмірі туралы материалдық та, рухани да жаңа ақпараттар береді.

Торғай даласындағы белгілі ұзын өзендердің бірі – Ұлы Жыланшық. Өзеннің бастауы – Ұлытау сілемдері. Географиялық мәліметтер бойынша, өзеннің аңғары Сарыарқаның оңтүстік-батыс шетіндегі Ұлытау таулы массивінің теңіз деңгейінен 750 м биіктігінен басталып, Торғайдың Жанкелді ауданындағы Ақкөл көліне (еңістігі 65 м) құяды. Биіктік пен еңістік арасындағы айырмашылық – 695 м. Осы аралықта өзен 426 шақырымдық ұзындықта ағып өтеді. Жыланшық Ұлытаудан аққан екі өзен саласының бірігуінен пайда болады. Оң жақ саласы –Үлкен Жыланшықтың ұзындығы 163 км, сол жақ саласы Кіші Жыланшық немесе Дулығалы Жыланшықтың ұзындығы 140 км. Кіші Жыланшық Ұлы Жыланшылыққа сағасынан бастап есептегенде 263 шақырым жерде қосылады.

Ал Ұлы Жыланшық пен Кіші Жыланшық өзеннің атауы ұзындыққа байланысты немесе өзендердің бастау арнасы Ұлытау немесе Кішітаудан басталатынан болса керек. Бұған қоса қос өзен Торғай жазығында қосылып, арнасы кең өзенге айналады. Сол жерде ол «Үлкен, яғни Ұлы Жыланшық» атанады.

Ұлы Жыланшық гидронимінде халықтың өзен-су атауының арнасының көлеміне және оның ұзын-қысқалығы қатысты таным-түсініктері орын алған. Бұл жерде атаудың «ұлы» бөлігі ұзындыққа қатысты болса, кішірейітпелі мағына беретін «шық» қосымшасымен жасалатын «жылан» деген екінші бөлігі өзен арнасының жіңішкелігіне және ирелендеп ағатына байланысты қалыптасқан. Басқаша айтқанда, қазақ танымында «Ұлы Жыланшық» «арнасы жіңішке үлкен, ұзын өзен», ал «Кіші Жыланшық» «арнасы жіңішке қысқа өзен» деген мағына береді.

Мұны біз өзенді спутниктен түсірген фотодан айқын аңғардық:

Жыланшық өзенінің космостан түсірілген фотосына зер сала отырып ата-бабаларымыз өзен-суларға ат қойғанда ол оның басты ерекшеліктеріне назар аударғанын байқаймыз.

Ұлы Жыланшық - тарихи мекен. Жыланшық өзенінің бойын қазақтың қыпшақ, найман тайпалары жайлаған. Патша заманы тұсында Торғай облысының тарихын жазған А.Добросмысловтың «Тургайская область» деген тарихи очеркінде Жыланшық болысы аталып, онда 1984 жылдары 8 ауыл, 1701 отбасы тұратынын жазады [4, 491]. 1895 жылы Жыланшық болысындағы №1 ауылды бөліп, №9, 10 ауыл құрады. Ал 1896 жылы Жыланшық болысының атауын өзгертіп, оны Қайдауыл болысы деп атай бастайды.

1916 жылғы көтерілістің негізгі ошағы осы Қайдауыл болысы болады. Көтерілістің басшылары Аманкелді мен Кейкі батыр Қайдауыл болысынан еді. «Қолмерген» атанған Құлан Қыпшақ Кейкі батыр ғұмырының басым бөлігі осы өлкеде өткен. Ол осы өлкені жайлаған Шашанбайдың Рахметінде жылқышы болып қызмет етеді. Шашанбайдың Рахметі Торғай өңіріндегі бір шеті Бұқара-Ташкент өзбектерімен, екінші бір шеті Троицк, Орск, Орынбордағы саудагер татарлармен алыс-беріс, сауда-саттық жүргізген аса ауқатты, өте бай кісі. Кейкінің есімін атауға тыйым салынған кеңес дәуірінде батыр туралы «Құланның ажалы» атты романында Шашанбайды «Шарбақбай» деп атайды. Романда Шашанбайдың байлығы «Шарбақбайлар бір жағы Троицк, Жаманқалаға өгіз айдатып сатып, бір жағы ана шеті Қарсақбай, мына шеті Арақарағай, тіпті туу Қорғаннан жылқы алдырды-ау» [5, 246.], - деп суреттелетін тұстар бар.

Кеңес үкіметіне жақпаған Кейкі батыр Жыланшықты жағалап Ұлытау асып немесе Қаракұмға тығылып, үкіметтің қырағы көзінен тасаланып жүрген. Көтеріліс кезінде қанды көйлек жолдасы болған, кейін большевиктер жағына өткен А.Токаревті өлтіргеннен кейін Дудин бастаған жазалаушы отрядтан қашып Ұлытау аспақ болған Кейкі батыр Жыландыға құятын Жалаулы өзегінің бойындағы Сүтемгеннің Жәкенінің қыстауында өткен атыста қайтыс болады.

Өзен арнасының жіңішкелігіне байланысты қойылған гидронимдердің бірі – Қылшақты. Бастауын Щучинск қаласының оңтүстік-шығысынан алып, Ақмола облысының Бурабай және Зеренді аудандары жерімен ағып, Көкшетау қаласы арқылы Қопа көліне құяды. Ұзындығы 104 км, су жиналатын алабы 1010 км<sup>2</sup>. Аңғары жоғарғы және төменгі бөлігінде кең (2-3 км), беткейлері жатық, орта ағысында 0,5-1,5 км-ге дейін жетеді. Арнасының ені 10-20 м, жағасы жарлы, биіктігі 2-4 м. Арнасының жайылмасы 300 м-ге дейін жетеді. Ұзындығы 10 км-ден астам 14 саласы бар. Аңғарында Жанқара, Жамантүз, Балықтыкөл, Қопа, Ақшасор, т.б. көлдер бар.

Қылшақты – тарихи атау. Аталмыш өзен атауы ХҮІІІ ғасырдағы Абылай ханға қатысты орыс жазба деректерінде кездеседі. Онда Қызылжардағы Ақ үйден бас тартқан Абылайға орыс үкіметі ханның Көкшетау маңындағы Қылшақты өзенінің бойындағы қыстауына үй салып бермек болады. 1765 жылдың 13 мамыр күні Қызылжар (Петрпавловск) бекінісінен, барлығы 21 адам, оның 16-сы балташы, екі айға мөлшерлі ас-суымен, капрал Абдуловтың бастауымен, Абылай сұлтанға генерал-майор Девиц атынан жазылған хатты алып, 8 арбамен оңтүстікті бет алады. «Орта жүздің әлуетті сұлтаны Абылай 1765 жылы жартылай отырықшы шаруашылық бастады. Петропавл бекінісінің қарсысындағы жайлаулар соған қарайтын... Абылай Қылшақты өзенінен 7 шақырым жердегі қыстауында өзіне қысқы тұрғын-жай салып беруді сұраған», - деп жазады орыс деректемелері.

Зерттеушілердің пайымдауынша, Абылайға салынған жаңа қоныс Петропавл бекінісінен 250 шақырым жердегі Қылшақты өзеншесінің өткелінен өткен соң, 7 шақырым жерде орын тепкен. «Жаңа қыстау» аталған хан ордасы қазіргі Көкшетау қаласынан 35 шақырым жердегі «Кенесары ауылы» деген елді мекеннің оңтүстігіндегі шоқылардың арасына орналасқан.

Қылшақты өзенінің көктемгі қатты су тасқыны кезінде арнасынан шығып кететін кездері болады. Аталмыш өзен атауының түбірі – «қыл», яғни «жіңішке». Қазақ арасында «қылдай», «қыл бел», «қылшық» деген жіңішкелік мағына беретін сөздер бар. Демек,

Қылшақты гидронимі «жіңішке өзен» дегенді білдіреді. Дәл осындай гидроним Қызылорда облысы Арал ауданының территориясында кездеседі. Онда өзен атауы «Жақсы Қылыш» деп аталады. Өзеннің «жақсы» атануы көктемгі тасқынға байланысты қойылса керек. Тасымайтын өзен-көлдерге қазақ «жақсы» деген сын есімді қойып, көктемде бой бермей таситын өзендерге «жаман, тентек, бұзылық» деген атаулар береді.

Көкалат-Жангелдин ауданынан шығысқа қарай 60 шақырым жерде, Қабырға өзенінің сол жағында орналасқан елді мекен көк ала атқа қойылған деген аңыз бар. Аңыз бойынша бір соғыста ауыр жараланған Шәкір батырды, өзі де қатты жараланған қасиетті жануары соғыс алаңынан алып шығып, осы елді мекеннің маңайына жеткізіп барып өлген екен. Осы оқиғадан кейін, жылқы өлген жерді «Көкалат» деп атаса керек. «Көкалат» ауылы тұсында Шәкір батырдың тамы да орналасқан. Іргесі ХХ ғасырдың 20-шы жылдары Албарбөгет ұжымшарының орталығы болып қаланды. Кейін 1960 жылы Торғай төсінде тың игеру кезінде «Еңбек» кеңшарының орталығына айналды.

«Қайғы» Жангелдин ауданының Қызбел кеңшарынан 60 шақырым жерде орналасқан елді мекен. Елге сыйлы «Асан ата» Қызбел тауына барып, дұға оқып тұрады екен. Бірақ өзімен ешкімді ертпей және ол жаққа ешкімнің бармауын қатаң қадағалайды екен. Бір күні Асан ата шаруаларымен ел аралап кетеді. Жүрерінде баласына Қызбел тауына бармауын қатты тапсырады. Әкесінің айтқанын тықдамай баласы Қызбел тауына барып, дұға оқып, елдің саулығын тілеп, әкесінің не себептен барма деген өсиетін білмек оймен таудың үстіне шығады. Тау үстінде ұзынан жарқырап жатқан айдаһарды көреді. Келе қылышын алып, айдаһардың құйрығын шауып түсіреді. Бұған ызаланған айдаһар батырды атымен қоса жұтып жіберген екен. Артынан іздеп келген Асан ата айдаһардан баласын сұрайды. Сонда айдаһар: «Е, саған бала қайғы болса, маған құйрық қайғы», - депті. Асан қай,ы қолындағы таяғымен жерді нұқып қалғанда жер қақ айрылып, айдаһар сол жерге түсіп жоқ болыпты. Осы жер күні бүгінге дейін «Қайғы» деп аталады. Осы жерде баласына арнап төрт кере тасты жерге енгізіп, белгі орнатыпты. Асан ата осы оқиғадан кейін өз атына «Қайғы» атын қосып, «Асан Қайғы» атанған екен. Жылантау мен Қызбел тауының түйісер тұсынан бастау алатын қос өзеннің бірі «Үлкен Қайғы», екіншісі «Кіші Қайғы» аталады. Алғашқысы Асан атаның, екіншісі баласының құрметіне аталған деседі[7].

«Өлкейік» - Ақтөбе облысының солтүстік-батысы мен Жангелдин ауданының оңтүстік шекарасында ағып жатқан өзен атауы. Басы Торғайдың Бестауынан, Ақтөбенің Толыбайынан басталып, Жалау, Сарыөзек, Алакөл алқабын толтырып, Теліқарадан Торғай өзеніне құятын Өлкейік өзенінің ұзындығы басы Торғайдың Бестауынан, Ақтөбенің Толыбайынан басталып, Жалау, Сарыөзек, Алакөл алқабын толтырып, Теліқарадан Торғай өзеніне құятын Өлкейік өзенінің ұзындығы 340 шақырым. Өзеннің аяғы «Су аяғы құрдымға» барып құяды. Жағасында қалың шөп өсетін шағындау мағынасындағы атау. «Өлкейік» атауына байланысты аңызда бар. Асан Қайғының баласы Абат ержүрек, мерген екен. Абат Ноғай ханның қол астында қызмет істейді. Абаттың күші де, ақылы да Ноғай ханнан басым болады. Сын кезеңдерде хан Абаттан жеңіліп қалады. Өзінен ақылы артық Абатты хан жек көріп, оны өлтірудің жолын қарастырады. Хан уәзірлерін шақырып алып: «Абатты мақтамен бауыздағандай өлтірудің жолын айтыңдар» - депті. Сонда уәзірлері: «Торғай өзенінің өлкейіктері мен салаларын санап кел дейік. Ол жерді жезтырнақтар мекендейді.

Санап жүргенде, солардың қолында мерт болады» - дегенді айтады. Ханнан тапсырма алған Абат әкесінен ақыл сұрайды. Асан Қайғы: «Бар, қасыңа жолдас ерт. Түнде жатқанда аяқтарыңды бір - біріне түйістіріп, бастарыңды қарама-қарсы жіберіп, екі басты адамға ұқсап жатыңдар», - депті. Әкесінің айтқанын орындап жатқан жерге түн ортасы жезтырнақ келеді. Ұйықтап жатқан екі басты алып адамды көреді. «Торғайдың 32 өлкейігі мен 90 саласынан мұндай екі басты адамды көрмеп едім. Мынаның түрі мығым болар. Мерт болармын», - деп қорқып қашып кетеді. Аңыз бойынша «Торғайдың 32 өлкейігімен 90 тарауы бар» дегенді ешкім санап білмеген. Мұны жезтырнақтың аузынан Абат естіп сол ұғым елге таралған екен.

Түйемойнақ - Жангелдин ауданының оңтүстік-батысында 60 шақырым жерде Ақшығанақ ауылының маңында орналасқан. Атаудың шығу тарихын ел аузындағы аңыз

бойынша ертеректе ауыл түйелерінің ішінде бір түйе ерекше мойны ақ ала бота туыпты деседі. Содан бері осы жерді «Мойны ақ бота туған жер» кейін «Түйемойнақ» деп аталса керек.

Албарбөгет - Жангелдин ауданының солтүстік шығысында 52 шақырым жерде орналасқан елді мекен. Бұл бөгет 1928 - 1931 жылдары салынған күрделі су комплексі. Мұны халық мелиораторы Айсә Нұрманұлы халықтың бірігуі арқасында салдырған болатын, құрылысына 600 адам қатысқан, ұзындығы 20 шақырым. Бөгет қарапайым қолмен салынса да, мықты бөгеттердің қатарына жатады. Ол бүгінге дейін бұзылмай сақталынған. Бөгеттің «Албарбөгет» аталу себебі, бөгет орала, албарлай салынғандықтан аталған атау [8].

Атанбасы Ақирек- Қостанай облысы Жангелдин ауданындағы жер атауы. Ақкөл мен Қарақұм арасындағы Астау қопа асуынан көтеріле бергенде, дәл сол жақ иық тұсынан Атанбасы шаңы көрінеді. Шыныда да шөгерген атан түйенің басынан аумайтын табиғат шебердің өз қолынан құйған мүсіні. Ал, Ақирек болса терең аңғар, кең алқапты белдіктей түскен ақирек өрнек. Әртүрлі құм, тастардан құрылған қиыршық. Мұны кейбіреулер ертедегі теңіз түбі екен, содан қалған шөгінді деп те атайды.

Байтабын сайы -Жангелдин ауданының Торғай селосынан 70 шақырым жерде орналасқан. Байтабын қыстағының тарихы туралы ел аузында мынадай аңыз бар. 1846 жылы Кенесары, Наурызбай әскерінің қырғынына байланысты болған оқиғадан кейін халық кекшілдері, хан жасауылының бірі Байтабынды осы сорға қамап өлтірген. Осыдан кейін барып, ол жер «Байтабын соры» деп аталып кеткен.

«Екідің»-Аманкелді ауданының Сарыторғай кеңшарының Қараторғай, Сарыторғай атты екі өзеннің қиылысында қос биік төбе. «Екідің» деп аталуы, ерте «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында қазақтар жоңғарлармен отыз жылға жақын жаугершілікте болған, осы жауласушы жақты бітімге келтіруге қаз дауысты Қазыбек би үш рет барып, ең соңында қыз алысып, берісіп, бітімге келген. Екідін сол жаугершілікте екі төбенің орнына орнаған белгі. Екідің бекінісі халықтың ел басына қатер төнген уақытта өз қолымен салған мұрасы. Қыз емшегі секілді қатарлас жатқан қос биік төбенің басына екі бекініс бір ендіктің бойында салынған. Сондай-ақ бекіністердің қабырғаларында мылтықты шығарып атар тесіктері және төбесінде қарауыл қарар орны бар.

«Қыпшақ Сейітқұл терегі»-XIX бас кезінде сонау Қаратаудан Қабырға өзені бойына отыз үйлі кедеймен көшіп келген қазақтың тұңғыш диқаны Қыпшақ Сейітқұл осы жерге егін егіп, терек отырғызған. Бұл терек бұл күндері шіріп, құлағанымен, қазіргі Көкалат кеңшары төңірегінде қасиетті жер саналып, ол жер «Қыпшақ Сейітқұл терегі» аталып кеткен тарихи-географиялық топоним.

«Партизан сайы» - Жангелдин ауданынан Торғай селосының солтүстік батыс жағындағы жер атауы. 1919жылы ақ гвардияшылар мен қазақ әскери топтары Торғайда Кеңес өкіметін құлатты. Кәкімбек Төкеұлы бастаған «17 партизанды» ақ гвардияшылар осы сайда айуандықпен өлтіреді. Сол жылдардан бері бұл жер қаза тапқан партизандар құрметіне байланысты «Партизан сайы» аталып келеді.

«Су аяғы құрдым» - басын Мұғалжар тауынан алатын Ырғыз өзені мен Ұлытаудан басталатын Торғай өзендерінің аяғы. «Су аяғы құрдым» үш облыстың аумағымен шектеледі. Шығысы Торғай, оңтүстігі Қызылорда, ал батысы Ақтөбе облысы. Арал теңізі мен Қарақұмның теріскей бетінде жатқан Құрдым.Үлкенді-кішілі оншақты салаларымен Ырғыз бен Торғайға жұтылып жатқан Құрдым - нағыз су аяғы құрдымның өзі. Торғай, Қараторғай, Қабырға, Жалдама өзендерінің аяғы Ырғыз өзеніне барып қосылып, тура су аяғы Құрдымға барып құяды [10,25 б].

Ханбасы - Жангелдин ауданы Өлкейік өзенінің Ырғыз жақ қапталында жатқан жер. Қазақтың Кіші жүзінің ханы Әбілқайыр есіміне байланысты аталған атау. Өлкейік бойында жойқын ұрыс болып, осы ұрыста Кіші жүз ханы Әбілқайыр жасағын Барақ сұлтанның қолы жайпап салады. Бұл жер «Ханбасы» деп аталатын қалың қорым. Жойқын ұрыстан бір мезгілде қырылған, жауынгерлерге үйілген топырақ төбелердің әрқайсысы 3-5 қанат үйдің ауқымындай болса, мұндай қорым саны мыңнан асады. Қаптаған қорым төбелердің



ұзындығы 2 шақырым, ені 300 метр. Қорым ортасында шикі кесектен төрт бұрышты болып қаланған Әбілқайыр бейіті бар.

Қорыта келгенде, қазақ даласының гидронимдері өзен-су атауларының географиялық ерекшеліктері, түр-түсіне, тұрмыс-тіршілікке қажеттілігі, мезгілдік белгілері, су арнасының ерекшеліктеріне байланысты атауларға ие болған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Добросмыслов А.И. Тургайская область (Исторический очерк). // Известия Оренбургского отдела Императорского русского географического общества, Выпуск №17. Тверь, 1902
2. Нұрманов А. Құланның ажалы: Роман.-Алматы: Раритет, 2005.-224
3. Сариева Ы. «Текті Торғай», Алматы, 2000 ж.
4. Ж.Қосабаев «Торғай - дуан», Алматы, 1995 ж.
5. Әсет Ламашев «Ы.Алтынсарин», Алматы, 1995 ж.
6. «Жер -судың аты-тарихтың хаты» // Торғай таңы 1992 жыл 13 тамыз
7. «Тарихи атауларға - оң көзқарас керек» // Торғай таңы 1994 жыл 12 қараша
8. С.Кенжеахметов «Ежелгі Торғай тарихынан деректер» // Торғай таңы 1991. 9 қаңтар
9. Каймулдинова К.Д. «Топонимика», Алматы, 2011ж.
10. Қ.Нұрғазин «Өлкейік» // Торғай таңы 1971 жыл 2 желтоқсан

### **САРЫСУДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСІ**

**Абир Сымбат**, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті  
Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор **А. Күзембайұлы**

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазақ тарихындағы ең аз зерттелген тақырыптардың бірі ХХ ғасырдың бірінші жартысы, нақтырақ айтсақ, 1920 - 1930 жылдардағы қазақ жеріндегі аштық пен ұлт-азаттық көтеріліс тарихы болып табылады.

1929 – 1931 жылдардағы шаруалар көтерілістері 1930 жылдардан 1980 - жылдар аралығында тыйым салынған тақырып болды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселесінің түрлі аспектілерін қарастырғанда тарихшылар осы қауіпті тақырыпты айналып өтуге тырысты. Бұл отандық тарихнамаға сол кезеңде қойылған партиялық қатаң талаптар мен идеологиялық қысымнан болды. Кеңестік дәуірде жарық көрген еңбектерде партия саясатына қарсы шаруалар көтерілістері тек тап күресі шеңберінде ғана қарастырылды. Сонымен қатар олар «бандиттік», «антикеңестік», «контрреволюциялық» қозғалыстар ретінде баға берілді.

Біз қарастыратын «Сарысу» және «Созақ» көтерілістері тек тарих ғылымдарының докторлары, профессор Талас Омарбеков пен Аманжол Күзембайұлының және Сарысу ауданының тумасы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Пернебай Дүйсенбиннің зерттеулерінде ғана бар.

Қазақстанның әр түкпірінде шаруалар наразылықтары болғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Біз 1920-1930 жылдардағы көтерілістерді ашу үшін жеке-жеке зерттеп, кейін біріктіріп, тұтас мәселе түрінде қарастыруымыз керек.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Күзембайұлы өзінің 10 рет басылым көрген оқулығында: «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ тарихы қайғы мен қасіретке толы болды»-деп жазады [2]. Осы жылдары большевиктердің екіжүзді саясаты қазақ халқын тарихта болмаған қырғынға ұшыратты. Зорлықпен ұжымдастыру саясаты қазақ шаруаларының қарсылығына кездесті. Өкініштісі, осыған дейін Қазақстан тарихының кеңес заманындағы тарихы әлі де объективті бағасын ала алмай жүр. ХХ ғасырдың 30